

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы № 5/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 наурызда № 9187 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 423 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2015 № 423 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138 -4-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық саласы бойынша салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитеті (Ұ.Е. Жазылбек):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми түрде жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өңірлік даму Министрінің орынбасары С.К. Нокинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр **Б. Жәмішев**
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Өңірлік даму министрінің
2014 жылғы 14 қаңтардағы
№ 5/НҚ бұйрығымен бекітілді

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы біліктіліктердің салалық шеңбері

1. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы біліктіліктердің салалық шеңбері (бұдан әрі – СБШ) сегіз біліктілік деңгейінен

тұрады. Бұл Ұлттық біліктілік шеңберіне және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы мен Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне айқындалған білім деңгейіне сәйкес келеді.

2. СБШ біліктіліктердің салааралық салыстырмалығын қамтамасыз ете отырып, салалық біліктілік шеңберін, кәсіби стандарттарды (бұдан әрі – КС) әзірлеу үшін бірыңғай шәкілді айқындайды және мамандар біліктілігінің сәйкестігін растау және оны беру жүйесі үшін негіз болып табылады.

3. СБШ нәтижелердің жиынтық сипаттамасы келтіреді, нақтылау КС-да жүзеге асырылады.

4. СБШ пайдаланушылардың әртүрлі топтарына (жұмыс берушілерге, білім беру органдарына, азаматтарға, жұмысшыларға) арналған және:

1) кәсіби және білім беру стандарттарын әзірлеу кезінде қызметкерлер мен оқу бітірушілердің біліктілігіне қойылатын талаптарды бірыңғай көзқараста сипаттауға;

2) қызметкерлер мен кәсіби білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу бітірушілердің біліктілігін бағалау материалдары мен айқындау рәсімін әзірлеуге;

3) нақты біліктілікті алуға, біліктілік деңгейін арттыруға, мансаптық өсуге әкелетін білім берудің әртүрлі траекториясын жоспарлауға мүмкіндік береді.

5. СБШ пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) салалық біліктілік шеңбері - салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

2) кәсіби стандарт - кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

3) білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі;

4) білік – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану);

5) тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және білік;

6) құзыреттер – кәсіби қызметінде субъектің сапалары нақтылы мамандыққа қатысты деңгейі есептердің орындауы қамтамасыз ететін қызметтер.

6. СБШ-ның 1-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша ресімделген шеңберлік құрылым болып табылады.

СБШ әрбір біліктілік деңгейі үшін кәсіби қызметтің жалпы сипаттамаларын сипаттаудан тұрады, атап айтқанда:

1) білім (қызметтің ғылыми ауқымы) – бұл көрсеткіш кешенді болып табылады және білімге қойылатын талаптарды айқындайды, кәсіби қызметтің мынадай ерекшеліктеріне байланысты болады: пайдаланатын ақпараттың ауқымы мен күрделілігі; білімнің инновациялылығы; олардың абстрактілік дәрежесі (теориялық және практикалық білімінің арақатынасы). Оның көріну дәрежесі (біліктіліктің бір деңгейінен басқасына ауысу) көрсеткіштердің құрамдас бөліктерінің бірінің (кез келгенінің), екеуінің де немесе үшеуінің де өзгеруіне байланысты болуы мүмкін.

2) білік пен дағды – біліктілікке қойылатын талаптарды айқындайтын және кәсіби қызметтің мынадай ерекшеліктеріне байланысты көрсеткіш: кәсіби міндеттерді шешу тәсілдерінің көптігі (нұсқаулығы), осы тәсілдерді таңдау немесе әзірлеу қажеттілігі; жұмыс жағдайының белгісіздік және оның дауының беймәлімдігі дәрежесі. Бұл көрсеткіш кешенді болып табылады. Оның көріну дәрежесі (біліктіліктің бір деңгейінен басқасына ауысу) көрсеткіштердің құрамдас бөліктерінің бірінің (кез келгенінің) немесе екеуінің де өзгеруіне байланысты болуы мүмкін.

3) жеке және кәсіби құзыреттер – бұл көрсеткіш қызметкердің жалпы құзыреттілігін айқындайды және үш негізгі дәрежесі бар: басшылықтың қол астындағы қызмет; қызметті өз бетінше орындау; басқаларды басқару.

Өкілеттік пен жауапкершіліктің кеңдігі қызмет ауқымына, ықтимал қателіктің ұйым, сала үшін бағасына, олардың әлеуметтік, экологиялық, экономикалық және басқа да салаларына, сондай-ақ кәсіби қызметте басшылықтың негізгі функцияларын толық іске асыруына байланысты (мақсатты болжау, ұйымдастыру, бақылау, орындаушыларды ынталандыру).

7. СБШ-да біліктілік деңгейлерін әзірлеудің негізгі қағидаты біліктілік деңгейлерінің төменнен жоғарыға қарай дамуының үздіксіздігі мен сабақтастығы, оларды сипаттау ашықтығы болып табылады.

8. Біліктілік белгілі бір білім бағдарламасын игеру және/немесе практикалық тәжірибе нәтижесі болып табылады.

Біліктілікті жетілдіру немесе оның бейінін өзгерту үшін әрбір деңгейде кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің қосымша білім бағдарламалары бойынша тиісті лицензиялары бар ұйымдарда оқуға болады.

Біліктілік деңгейі практикалық жұмыс тәжірибесін меңгеруіне, өз бетінше білім алуына және оқуына қарай жетілуі мүмкін.

Білім беру мен оқытудың әртүрлі нысандарын есепке алу салалық біліктілік жүйелердің ішінде жүргізілетін болады.

Қызметкердің практикалық тәжірибесін, біліктілікті арттыру курстарын және осы сияқтыларды ескеру арқылы жеке білім беру траекториясын құруға болады,

бұл біліктілік деңгейлерін алға және жоғары қарай да дамытуға мүмкіндік береді.

Біліктілік деңгейлері мен ұлттық білім беру және оқыту жүйесі деңгейлерінің арақатынасы ҰБШ-ның 2-қосымшасында көрсетілген біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші бойынша айқындалады.

Қ ұ р ы л ы с ж ә н е т ұ р ғы н

үй - коммуналды қ шаруашылық

саласындағы

біліктіліктердің

салалық шеңберіне 1-қосымша

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы біліктіліктердің салалық шеңбері

Біліктілік деңгейі	Білім	Білік пен дағдылар	Жеке және кәсіби құзыреттер
1	Еңбек мәні, еңбекті қорғау, оны өзгерту үдерістері және тиісті орындаушылық әрекеттер циклі туралы базалық білім	Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқаруын дағдыларын көрсету	Дербестігі: міндеттерді орындауда дербестіктің төмен деңгейі кезіндегі толық басшылық етуді жасалатын жұмыс Жауапкершілігі: жұмыстарды орындау үшін; қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс.
2	Еңбек мәні, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, қарапайым үлгілік міндеттерді орындау кезінде нәтижеге жету құралдары мен тәсілдері туралы базалық білім	Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындау, қарапайым өндірістік жағдайларда өзінің әрекетін бақылау және түзеу дағдыларын көрсету	Дербестігі: таныс жағдайларда кейбір дербестіктің бар болуында басшылық етуді жасалатын жұмыс; басшылық етумен оқы Жауапкершілік: қарапайым ғимараттарды орындау нәтижелері үшін, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін Күрделілігі: қарапайым үлгілік міндеттерді шешу
3	Тақырыптың өзгеру технологиясы, еңбекті қоршаған ортаны қорғауды жоспарлау және ұйымдастыру	Стандартты, практикалық тапсырмаларды орындайды, берілген міндеттерді орындау тәсілін таңдау, жоспарлау дағдыларын көрсету	Дербестігі: үлгілік жағдайлардағы дербес жұмыстарды және кәсіби қызметтің күрделі жағдайларындағы басшылық етумен жүзеге асырылады; оқытуды дербес ұйымдастыру Жауапкершілігі: жұмыстарды орындау нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі үшін, қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін Күрделілігі: үлгілік практикалық міндеттерді шешу, білім және практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет ету тәсілін таңдау.
			1. Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің нормаларды іске асыруын ұйымдастыру және бақылауды, міндеттерді дербес анықтауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша атқарушы-басқару қызметі Жауапкершілігі: норманы іске асыру кезінде

4	Тәсілдер, қағидаттар және кәсіби міндеттерді қою және шешу тәсілдері туралы, этика және психологиялық қатынастар, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау еңбегін уәждемелеу және ынталандыру тәсілдері туралы білім	Алынған тапсырмаларды анықтайды, бағынышты қызметкерлерге міндеттер қояды, қызмет нәтижелерін бағалайды, білім мен дағдылардың жетіспеушілігін анықтайды, қызметкерлердің кәсібилігін арттыруды уәждемелеу.	нәтижелер үшін; өз қауіпсіздігі және басқалард қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін Күрделілігі: жұмыс жағдайларын дербес талдау, талап ететін түрлі үлгілік практикалық міндеттерді шешу. 2. Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің нормаларды іске асыруын ұйымдастыру және бақылауды, міндеттерді дербес анықтауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша атқарушы-басқару қызме Жауапкершілігі: норманы іске асыру кезінде нәтижелер үшін; өз қауіпсіздігі және басқалард қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін Күрделілігі: негізгі функцияларды іске асыр кезінде жұмыс жағдайларын дербес талдауд талап ететін қарапайым үлгілік тапсырмалард шешу
5	Жүйелік талдау әдістемесі және кәсіби жағдайларды жобалау, басқару шешімдерін қабылдау тәсілдері туралы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша ұжымдық және команда құру туралы білім	Тапсырысты қабылдау дағдылары, жағдайды және өзінің әрекетін талдау, шешімдерді қабылдау және оларды іске асыру бойынша жағдайларды жасауды, ұжымдық жұмыс мәтінін түзеу және бақылауды, кәсіби басқару және орындауды арттыру	1. Дербестігі: технологиялық үдеріс учаскесі және кәсіпорынның стратегиялық қызметі шеңберінд басқару қызме Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру үшін; өзін оқыту және басқалары жетілдіру; өз қауіпсіздігі және басқаларды қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін Күрделілігі: жұмыс жағдайларының түрлі өзгеретін жағдайларындағы шешу тәсілдері таңдау негізінде практикалық тапсырмалард шешу. 2. Дербестігі: технологиялық үдеріс учаскесі және кәсіпорынның стратегиялық қызметі шеңберінд басқару қызме Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру үшін; өзін оқыту және басқалары жетілдіру; өз қауіпсіздігі және басқаларды қауіпсіздігі үшін; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау үшін; жұмыстар жүзеге асыру және тұрғын үй-коммуналды шаруашылыққа қызмет көрсету – қызметтерді кезеңдері үшін Күрделілігі: жұмыс жағдайларының түрлі өзгеретін жағдайларындағы шешу тәсілдері таңдау негізінде практикалық тапсырмалард шешу.
			1. Дербестігі: басқа қатысушылармен жұмыс келісу болжамдалатын кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқару қызме Жауапкершілігі: елеулі өзгерістер немесе дамытуға алып келетін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу үшін; қызметкерлерді кәсібилігін арттыру үшін жауапкершілік;

6	Жүйелік талдау әдістемесі, жобалау және кәсіби жағдайлардың шешімдерін қабылдау, басқару шешімдерін қабылдау тәсілдері туралы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша ұжымдық және команда құру туралы білім	Өзі-өзі басқару мәдениеттің жоғарғы анықталмаған әлеуметтік және кәсіби жағдайларындағы жобалау және шешімдерді қабылдау коммуникацияларды ұйымдастыруды және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және көрсету, қазіргі бағдарламалық өнімдерді және технологиялық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсету	құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру және тұрғы үй-коммуналдық шаруашылығына қызмет көрсету – қызмет нәтижелері кезеңдері үш Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әртүрлілігі мен таңдауын көздейтін міндеттер, шешуге бағытталған қызмет. 2. Дербестігі: жұмыстарды басқа учаскелерме келісуді көздейтін кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқару қызме Жауапкершілігі: елеулі өзгерістер немесе дамытуға алып келетін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу үшін; қызметкерлерді кәсібилігін арттыру үшін жауапкершілік; еңбек құралдарын дайындау үшін; құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қызмет көрсету – қызметтің соңғы нәтижелері үш Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әртүрлілігі мен таңдауын көздейтін міндеттер, шешуге бағытталған қызмет.
7	Қызметтің тұжырымдамасын, стратегиясын, құру, функционалды үлгісін құру әдістемесі және еңбек пен қоршаған ортаны қорғау бойынша акмеологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тапсырма мен проблемаларды жүйелік шешу және өзара әрекет тәсілдерін қою туралы білім	Міндеттер мен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, олардың жүйелік шешімдері, қызметтің тұжырымдамасын және стратегиясын құру әдістері дағдыларын көрсету	1. Дербестігі: сала құрылымының жұмыс істеу және оны дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқару қызмет Жауапкершілігі: елеулі өзгерістер мен дамыту: алып келетін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу үшін; еңбек құралын дайындау үшін құрылыс жұмыстарын (коммерциялық ұсыныс) жүзеге асыру және іске асыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қызмет көрсету – ішкі нарықтағы немесе жергілікті нарықтағы қызмет кезеңдері үш Күрделілігі: жаңа тәсілдер мен әдістерді дамыт әзірлеу міндеттерінің шешімін көздейтін қызмет түрлі әдістерді пайдалану және әдістерді кешенді пайдалану 2. Дербестігі: сыртқы ортамен сала құрылысын жұмыс істеуі және оны дамыту стратегиясын құруды көздейтін басқару қызме Жауапкершілігі: елеулі өзгерістер мен дамыту: алып келетін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу үшін; еңбек құралын дайындау үшін құрылыс жұмыстарын (коммерциялық ұсыныс) жүзеге асыру және іске асыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қызмет көрсету – сыртқы немесе (ғаламдық) нарықтағы қызмет кезеңдері үш Күрделілігі: жаңа тәсілдер мен әдістерді әзірлеу сыртқы байланыстарды дамыту міндеттерінің шешімін көздейтін қызмет, түрлі әдістерді пайдалану және әдістерді кешендік пайдалану
			1. Дербестігі: мемлекеттік масштабтағы саланы ірі және институциялық құрылымының жұмыс істеуі және даму стратегиясын құруды көздейтін

8	Қызметтер мен өзара әрекеттестіктің кооперативтік жүйелерін құру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білімдер	Жүйелік және стратегиялық ойлау, және өзара кәсіби әрекет ету үлгілерін құру және қоюдың ойлау әдістерін пайдалана отырып, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдысын көрсету	басқару қызмет Жауапкершілігі: елеулі өзгерістер мен дамыту: алып келетін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу және нәтижелері үшін; құрылыс жұмыстарын (коммерциялық ұсыныс) жүзеге асыру және іске асыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қызмет көрсету – ішкі нарықтағы және жепргілікті нарықтағы соңғы қызмет нәтижелері үшін Күрделілігі: әр түрлі әдістерді пайдалану жаңа тәсілдерді дамыту, әзірлеу бойынша міндеттерді шешімін көздейтін қызмет.
			2. Дербестігі: мемлекеттік масштабтағы саланы ірі және институциялық құрылымының жұмыс істеуі және даму стратегиясын құруды көздейтін басқару қызмет Жауапкершілігі: елеулі өзгерістер мен дамыту: алып келетін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу және нәтижелері үшін; еңбек құралдарын дайындау үшін; құрылыс жұмыстарын (коммерциялық ұсыныс) жүзеге асыру және іске асыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қызмет көрсету – сыртқы немесе (ғаламдық) нарықтағы қызмет кезінде Күрделілігі: жаңа тәсілдер мен әдістерді дамыту, әзірлеу және пайдалану міндеттерін шешуді көздейтін қызмет.

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы біліктіліктердің салалық шеңберіне 2-қосымша

Біліктілікке жету көрсеткіштері

Біліктілік деңгейі	Тиісті деңгейдегі біліктілікке жету жолдары
1	Бастапқы білімнен төмен емес негізгі орташа білімі бар болған жағдайда, жұмыс орнындағы және немесе қысқа мерзімді курстардағы практикалық тәжірибе және/немесе қысқа мерзімді оқу нұсқама)
2	Негізгі орташадан төмен емес, жалпы, орташа білімі бар болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорындағы оқу)
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орташа білім беру базасындағы жалпы орташа білімнің немесе техникалық және кәсіби білімнің бар болған жағдайында практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық
4	Жоғарғы деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе
5	Техникалық және кәсіби (орташа буын маманы), орташадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе немесе жоғарғы білім

6	Жоғарғы білім (бакалавриат), практикалық тәжірибе
7	Жоғарғы білім, практикалық тәжірибе. Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе
8	Жоғарғы білім, практикалық тәжірибе және/немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімге «Білі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы қолданысқа енгізілгені дейінгі алынған жоғарғы білім кіреді, сондай-ақ аталған заңмен белгіленген білім бер деңгейлеріне сәйкес анықталған жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім кіреді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК